

"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ" ММ



ГУ "КОМИТЕТ ПО КОНТРОЛЮ
В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ
И НАУКИ
МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ
И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2013 жылғы 2 маусым

Астана қаласы

№ *419*

город Астана

**«КИМЭП» университеті» акционерлік
қоғамында мемлекеттік аттестаттау
өткізу қорытындылары туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасының 2013 жылғы 5 сәуірдегі № 606 бұйрығына сәйкес 16-20 сәуір аралығында «КИМЭП» университеті» акционерлік қоғамында өткізілген мемлекеттік аттестаттаудың нәтижелері туралы ұсынылған материалдардың негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «КИМЭП» университеті» акционерлік қоғамында мемлекеттік аттестаттау қорытындылары туралы мемлекеттік аттестаттау комиссиясының тұжырымы бекітілсін.

2. «КИМЭП» университеті» акционерлік қоғамының мынадай жоғары білім беру (бакалавриат):

- 1) 5B020200 – Халықаралық қатынастар,
- 2) 5B030100- Құқықтану,
- 3) 5B050400 – Журналистика,
- 4) 5B050600 – Экономика,
- 5) 5B050700 – Менеджмент,
- 6) 5B050800 – Есеп және аудит,
- 7) 5B050900- Қаржы,
- 8) 5B051000- Мемлекеттік және жергілікті басқару,
- 9) 5B051100- Маркетинг

жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (магистратура):

- 1) 6M050600 - Экономика,
- 2) 6M051600 - Халықаралық журналистика,
- 3) 6M011900 – Шет тілі: екі шет тілі,
- 4) 6M052000 – Іскерлік әкімшілік,
- 5) 6M020200 – Халықаралық қатынастар,
- 6) 6M051000 - Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандықтары бойынша аттестатталсын.

3. Мемлекеттік аттестаттау нәтижесінде білім беру қызметінің жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігіне байланысты «КИМЭП» университеті» акционерлік қоғамы 5 жыл мерзімге аттестатталсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау төраға орынбасарының міндетін атқарушы Н.Ә. Алдабекке жүктелсін.
5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға



С. Ырсалиев